

Казамбаева А.М.,
Таршилова Л.С.

**Ауыл шаруашылығы өндірісін
аумақтық ұйымдастыру:
теориясы мен әдістемесі**

Мақалада ауыл шаруашылығын аумақтық ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік жақтары қарастырылған. Авторлар ауыл шаруашылығы сапасын аумақтық орналастырудың негізгі бағыттарын қамтитын, сонымен қатар белгілі бір және жеке сұрақтарын қамтитын бірнеше теорияларды қарастырған (мысалы, ауыл шаруашылығының табыстылығы мен мамандануына ауыл шаруашылық участкесінің орналасуының әсері). Бұл теориялардың негізін қарастыра отырып, авторлар тәжірибеде бұл теориялардың негізгі қағидаларын ескеру, ауыл шаруашылық өндірісінің факторларын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретінін атап кеткен. Ауыл шаруашылығы өндірістерін аумақтық ұйымдастырудың басты міндеті болып аумақтар мен өндірістердің өзара бейімделуі, өндірісті ұйымдастыру элементтерін ұтымды орналастыру және өндіріс факторларын пайдалану жолымен тиімді шаруашылық әрекет етудің қолайлы кеңістіктік жағдайларын құру болып табылады.

Ауыл шаруашылығының аумақтық жүйесіне әсер ететін табиғи, әлеуметтік-экономикалық және техногендік факторлардың кешендік жүйесін сипаттайтын, ауыл шаруашылығының интенсификациялық бейімделу концепциясына тоқталған. Бұл теория табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың үйлесімділігіне байланысты ауыл шаруашылық өндірісін кеңістікте орналастырудың дифференциялық жүйесін сипаттайды.

Түйін сөздер: ауыл шаруашылығы, аумақтық ұйымдастыру, еңбек бөлінісі, аймақтық экономика, аумақ.

Kazambaeva A.M.,
Tarshilova L.S.

**Territorial organization of
agricultural production: theory
and methodology**

The article discusses the theoretical and methodological aspects of the territorial organization of agriculture. The authors examine a number of theories, which cover certain aspects of the territorial distribution of agricultural industries, and studying its individual or specific issues (eg, the impact of agricultural land relative locations of the city (market) on the yield and specialization of agriculture). Revealing the essence of these theories, the authors note that the inclusion of the underlying principles of these theories make it possible to effectively use agricultural production factors. The main task of the territorial organization of a mutual adaptation of agricultural production areas and production, creation of favorable conditions for effective space management through efficient deployment of the organization of production and use of production factors.

Highlighted the concept of adaptive intensification of agriculture, which is characterized by a complex effect of natural, social, economic and technological factors on the territorial system of agriculture. This theory implies a differentiated approach to the spatial distribution of agricultural production, depending on the combination of natural and socio-economic conditions.

Key words: agriculture, territorial organization, division of labor, regional economy, territory.

Казамбаева А.М.,
Таршилова Л.С.

**Территориальная организация
сельскохозяйственного
производства: теория
и методология**

В статье рассматриваются теоретические и методологические аспекты территориальной организации сельского хозяйства. Авторы рассматривают ряд теорий, которые охватывают определенные аспекты территориального размещения отраслей сельского хозяйства и изучают его отдельные или частные вопросы (например, влияние местоположения сельскохозяйственных участков относительно города (рынка сбыта) на доходность и специализацию сельского хозяйства). Раскрывая суть этих теорий, авторы отмечают, что учет на практике основных принципов этих теорий дает возможности эффективно использовать сельскохозяйственные производственные факторы. Главной задачей территориальной организации сельскохозяйственного производства является взаимоприспособление территории и производства, создание благоприятных пространственных условий эффективного хозяйствования путем рационального размещения элементов организации производства и использования факторов производства.

Выделена адаптивная концепция интенсификации сельского хозяйства, которая характеризует комплексное воздействие природных, социально-экономических и техногенных факторов на территориальные системы сельского хозяйства. Данная теория предполагает дифференцированный подход к пространственному размещению сельскохозяйственного производства в зависимости от сочетания природных и социально-экономических условий.

Ключевые слова: сельское хозяйство, территориальная организация, разделение труда, региональная экономика, территория.

**АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ
ӨНДІРІСІН
АУМАҚТЫҚ
ҰЙЫМДАСТЫРУ:
ТЕОРИЯСЫ МЕН
ӘДІСТЕМЕСІ**

Кіріспе

Шаруашылықты аумақтық ұйымдастыру – қоғамдық еңбектің бөлінісі мен интеграциясының белгілі бір кезеңіне тән өндіргіш күштерді дамытудың объективті заңдылығы. Ауыл шаруашылығын аумақтық ұйымдастыруды қалыптастыру және оны еңбектің аумақтық бөлінісі жағдайында одан әрі дамытудың қажетті алғышарты болып ауыл шаруашылығы шикізаттарының белгілі бір түрлерінің өндірісін оларды дамытуға сол жергілікті жерде қолайлы жағдайлар бар әкімшілік облыстың аумақтық шекараларында шоғырландыру табылады. Аумақтық еңбек бөлінісі көбіне экономикалық аудандарда өндірістік мамандандыру үрдісі және ауданаралық кооперациялауды күшейту, мамандандырылған өнімдер мен қызметтердің алмасуы, қоғамдық еңбек бөлінісінің кеңістікте пайда болуы негізінде қарастырылады. Нарық жағдайында еңбектің аумақтық бөлінісінің үрдістері қарама-қайшы бағыттармен сипатталады. Бір жағынан олар, аумақтардың мамандандырылуы тауар өндірісі мен өткізу үшін шығындарды дифференциациялау әсерінен объективті ұлғайтын табиғи экономикалық негізді құрайды. Ал екінші жағынан қарағанда, аудандар арасында экономикалық және әлеуметтік айырмашылықтарды күшейе түседі. Сонымен бірге, кейбір тауарлардың өндірісі елдің аудандарында шектеулі көлемде шоғырланған жағдайда аумақтық монополизм қауіптілігін туындатады. Мұндай қарқындар мемлекеттің аймақтық саясаты шараларында, әсіресе мемлекетаралық интеграцияның күшеюі кезеңінде (ЕАЭО және т.б. құру) шынайы көрініс табады.

Жалпы елдің және өңірлердің экономикалық өсуі сол аймақтарда қалыптасқан шаруашылықтарды дұрыс ұйымдастыру жүйесіне тәуелді болады. Жекелеген өңірлерде экономикалық өсуді жеделдету және ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін аумақтарда өндіргіш күштерді тиімді орналастыру қажет.

Шаруашылықты аумақтық ұйымдастырудың даму бағыттарының бірі болып кластерлік жүйе мен кешендерді қалыптастыруға және аумақтарда ресурстарды тиімді пайдалануға жағдай жасау болып табылады. Сондықтан да шаруашылықты аумақтық ұйымдастырудың қаншалықты маңызды екенін теориялық

тұрғыдан зерттеу маңызды. Себебі, ауыл шаруашылығының экономикалық өсуін ынталандырудың негізгі бағыттарының бірі болып ауыл шаруашылығы құрамаларының негізгі өндірістік қорларын жаңарту, өндірісті экстенсивті, ұйымдасытыруды қолға алу болып табылады. Сол себептіде мақалада ауыл шаруашылығы өндірісін аумақтық ұйымдастырудың теорияларын зерттеудің өзектілігі жоғары деп ойлаймыз.

Тәжірибелік бөлім. Ауыл шаруашылығын аумақтық ұйымдастыру күрделілігі тек қана ел аумағында ғана емес, сонымен бірге аймақтық аспектіде салалар мен өндірістердің күрделі жиынтығын дамытуда заңды түрде келісушілікті, пропорционалдылықты, тепе-теңдікті талап етеді. Бұл әсіресе бір-бірімен өзара әрекеті кезінде Қазақстанның түрлі сипаттағы табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайын ұтымды пайдалануды, оның еңбектің аумақтық бөлінісіне қатысуының тиімділігін жоғарылатуды қамтамасыз етуі мүмкін локальды және аймақтық ауыл шаруашылығы жүйелерін қалыптастыру үшін маңызды.

Өндіріс пен аумақтың өзара әрекетінің проблемалары ғылыми білімнің көптеген салаларының, соның ішінде – аймақтық экономика, экономикалық география, экономикалық теория және т.б. зерттеу объектісі болып табылды.

Ауыл шаруашылығын аумақтық ұйымдастыру теориясының негізін неміс ғалымы Й. Фон Тюненнің «Оқшауланаған мемлекет» еңбегінде көрініс тапқан. Ол ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу нарығы болып табылатын бір ғана қаласы бар абстрактілі оқшауланған мемлекетте ауыл шаруашылығы салаларын аумақтық орналастырудың моделін әзірлеген. Й.Тюнен ауыл шаруашылығының аумақтық дамуының заңдылығын, салыстырмалы қаланың (өткізу нарығы) ауыл шаруашылықтық участкелерінің орналасу жерінің ауыл шаруашылығының кірістілігі мен мамандандырылуына әсерін анықтауға тырысты. Й. Тюненнің моделі қала аумағындағы шеңберді білдіреді. Жер аумағы қашық болған сайын – ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісінің интенсивтілігі төмен болады. Бірінші шеңбер – сүт және бау – бақша шаруашылықтарының аумағы. Екінші – тұрақты орман және жаңартушы орман шаруашылықтары. Үшінші, төртінші, бесінші – суармалы және мал шаруашылығының түрлі нысандарының аумағы. Алтыншы – жайылымды мал шаруашылығы. Жетінші – аң аулау және өзге де ауыл шаруашылықтық емес кәсіптер. Аумақтық дифференциация негізіне олар өнімді қалаға тасымалдау шығындарының көлемі фак-

торын қарастырады. Өзінің нысаны бойынша Й. Тюненнің қарапайым моделі ХХ ғ. Ауыл шаруашылығын орналастыруды бағалау кезінде кең қолданысқа ие болды. Жекелей алғанда, Г. Иоффе және Т. Нефедова еңбектерінде [4] ауыл шаруашылығының дамуы қаланың дамуына әсер ететіндігі дәлелденеді және де бұл әсер ету табиғи факторлардың әсеріне сәйкес келеді. Қолайлы табиғи-климаттық жағдай кезінде, егер де жақын орналасқан нарық, не өзге аумақтарға өнімдерді жеткізу мен сақтауды қамтамасыз ететін жақсы дамыған инфрақұрылым болмаса ауыл шаруашылығы дамыған болмауы мүмкін.

Ауыл шаруашылығы өндірісін кеңістіктік дамытудың теориясы неміс экономисті А.Вебердің «Өнеркәсіпті орналастыру туралы: штондарттың таза теориясы» (1909 ж.) еңбегінде одан әрі жалғасын тапты. Өнеркәсіп салаларын орналастырудың сұрақтарын анықтау кезінде жалпы шығындарды азайту көрсеткіші қолданылған. А.Вебер үш топты: көлік, жұмысшы күші және «өзге де жағдайларды» кірістіретін өндірістің тиімді ауданын таңдау мүмкіндігі мен экономикалық тиімділігіне (өндіріс және өткізу бойынша аз шығындар) басты назар аудара отырып өндірісті орналастыру факторларының жіктемесін әзірледі [5]. Ауыл шаруашылығы үшін факторлардың үшінші тобы – агроклиматтық жағдайлар мен факторлардың алғашқы екі тобының қол жетімділігі маңызды.

Неміс ғалымы А. Лёштың «Шаруашылықты кеңістіктік ұйымдастыру» еңбегінде (1940 ж.) [11] аймақтар бойынша орналастыру сұрақтары қарастырылған. А. Лёш экономикалық аймақты аймақаралық бәсекемен негізделген шекаралары бар нарық ретінде қарастырады. Аймақтың ең идеальды нысаны – дұрыс алтыбұрыш. Ол өнімнің сәйкес түрлерін бәсекегеқабылетті өткізу шеңберлерімен анықталатын нарықтық аумақ пен нарықтық аумақтарды біріктіретін өңірдің ең жоғарғы типі – экономикалық ландшафтті қоса отырып өңірлердің бірнеше типтерін (деңгейлерін) талдайды [11].

ХХ ғ. ортасынан халық шаруашылығының және оның жекелеген салаларының аумақтық дамуын жүйелі талдау кең тарала бастады және көптеген ғылыми теориялар мен тұжырымдамаларда көрініс тапты. Аумақтық (кеңістіктік) дамудың белгілі теориялары мен тұжырымдамаларын шартты түрде келесідей топтастыруға болады:

«Ауыл шаруашылығын аумақтық ұйымдастыру» тұжырымдамасы (А.Н. Ракитников, К.И. Иванов, В.А. Пуляркин, В.Г. Крючков, Л.И. Раковецкая, А.М.Носонов, В.Н. Ресняков);

«Ауыл шаруашылықтық экожүйелер» тұжырымдамасы (E. Odum, D. Pimentel, G.R. Conwey, G. House);

«Тұрақты ауыл шаруашылығы» тұжырымдамасы (M.A.Altieri, T.E.Crews, A.G.Power, C.A. Francis, S.R. Gliessman);

Ауыл шаруашылығын бейімделген интенсификациялау тұжырымдамасы (А.А. Жученко);

«Өсу полюстері» моделі (Ф. Перру, Ж. Будвиль, Х.Р. Ласуен);

«Орталық – Периферия» теориясы» (Дж.Фридман, П.Кругман).

Аталған тұжырымдамалардың ішінде маңызды орынды «Ауыл шаруашылығын аумақтық ұйымдастыру» түсінігі алады [1, 7, 8, 9, 10, 13]. Ауыл шаруашылығын аумақтық ұйымдастыру проблемалары бойынша жарияланымдарды талдау бұл терминнің авторлармен бірнеше мәндерге қолданылатынын көрсетеді (1 кесте).

1-кесте – «Ауыл шаруашылығын аумақтық ұйымдастыру» түсінігінің негізгі сипаттамалары

Авторлар (шығу көздері)	Түсінік сипаттамасы
Ракитников А.Н.	«Ауыл шаруашылығы өндірісінің аумақтық дифференциациясы», ауыл шаруашылығын орналастыру» түсініктеріне ұқсас
Крючков В.Г.	Табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсерінен қалыптасатын және белгілі бір халық шаруашылықтық қызметтерді орындайтын ауыл шаруашылығы аумақтық жүйесінің (кәсіпорындардың, агроөнеркәсіптік кешендердің, ауыл шаруашылықтық аудандардың өндірістік типтері) негізгі компоненттерінің өзара байланысты сәйкес келуі
Иванов К.И.	Жаңа технологиялық үрдістер, өндірісті мамандандыру, шоғырландыру, біріктіру және кооперациялау негізінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен аумақтарының сәйкес келуі табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың аумақтық айырмашылықтарын, еңбек ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік береді және жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз етеді.
Географиялық энциклопедиялық сөздік	Олардың қатынастарын, байланыстарын, бағыныштылығын және өзара тәуелділігін ескере отырып ауыл шаруашылығын орналастыру, сондай-ақ басқарудың жалпы жүйесімен біріктіретін және белгілі бір халықшаруашылықтық қызметтерді орындайтын ауыл шаруашылығы аумақтық құрылымдарының сәйкес келуі бойынша үрдістердің жиынтығы.
Колмыков А.В.	Шаруашылықтың құрамды бөліктері ретінде бір уақытта көрінетін шаруашылықтың элементтерінің өзара байланыстылығына жер пайдалануды орналастыру

Сонымен, оның мазмұнын анықтайтын ауыл шаруашылығы өндірістерін аумақтық ұйымдастырудың басты міндеті болып, аумақтар мен өндірістердің өзара бейімделуі, өндірісті ұйымдастыру элементтерін ұтымды орналастыру және өндіріс факторларын пайдалану жолымен тиімді шаруашылық әрекет етудің қолайлы кеңістіктік жағдайларын құру табылады.

«Ауыл шаруашылықтық экожүйелер» тұжырымдамасында бірнеше өзге анықтамалар кездеседі: «Экологиялық, экономикалық және әлеуметтану компоненттерін кірістіретін жоғарғы жүйе» (Дж. Райкил), «Ауыл шаруашылығы өндірісіне тартылған және шаруашылық жүйелерін тарапынан әсерді басынан өткеруші табиғи кешендер» (Г.А.Булаткин, А.С.Ларионов), «табиғи және жасанды экожүйелердің арасындағы аралық жағдайға ие одомашендік экожүйелер» (E. Odum, D.Pimentel) [12,18].

Көптеген пікірталастар «тұрақты даму» терминінің пайда болуына алып келді. Халықара-

лық қоршаған ортаны қорғау және дамыту бойынша ұйымның «Біздің ортақ болашағымыз» (1987 ж.) баяндамасында тұрақты даму «осы қазіргі дамудың қажеттілігін қанағаттандыратын, бірақта өзінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруда болашақ ұрпақтың мүмкіндіктеріне қауіп-қатер туғызбайтын даму» деп сипатталады [5]. Өзірленген «Тұрақты ауыл шаруашылығы» тұжырымдамасы бірнеше элементтерді – қоршаған ортаны сақтау және ауыл шаруашылығының ресурстық базасының ұдайы өндірісін, егін шаруашылығын химияландыру құралдарын қолдануды оптимизациялауды, агроэкологиялық жағдайдың объективті сипаттамасы негізінде жер пайдалану құрылымын жақсартуды, экономикалық кірістілікті, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықты кірістіреді [5]. Мұндай тұжырымдама ауыл шаруашылығын аумақтық ұйымдастыруға елеулі әсер ете бастаған – жаһандану және интеграция факторларының есебін қарас-

тырады. Әсіресе бұл факторлар ЕО елеулі әсер етеді.

АҚШ-та бұл тұжырымдама шеңберінде ауыл шаруашылығын аумақтық ұйымдастыруды оптимизациялауға мүмкіндік беретін ауыл шаруашылығынан қолдау тапқан, аз шығынды – LISA (Low-Input/Sustainable Agriculture) Федеральды ғылыми – зерттеу бағдарламасы әзірленген. АҚШ-та Ауыл шаруашылығын аумақтық ұйымдастыруға интеграциялық үрдістердің әсері көп қарастырыла бермейді, яғни НАФТА (Канада, АҚШ, Мексика интеграциялық бірлестігі) шеңберінде тиімді «Ауыл шаруашылығын аумақтық ұйымдастыруды» әзірлеу бойынша біріккен кешенді бағдарламалар әзірленбейді.

Ауыл шаруашылығын бейімді интенсификациялау тұжырымдамасы ауыл шаруашылығының аумақтық жүйесіне табиғи, әлеуметтік-экономикалық және техногендік факторлардың кешенді әсер етуін сипаттайды [3]. Мұндай теория табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың қосылуына байланысты ауыл шаруашылығы өндірісін кеңістіктік орналастыруға дифференциацияланған бағытты көздейді.

«Өсу полюсы» түсінігін алғаш рет Ф.Перру қолданды, оны аумақтық шоғырланған және интенсивті үрдістермен ерекшеленетін кәсіпорындардың агломерациясы ретінде анықтады [6]. «Өсу полюсында» үш компонент бөліп көрсетілген: жетекші сала, жергілікті маңызы бар салалар топтары және өндірістің кеңістіктік агломерациясы. Ж.Будвиль өсім полюсы ретінде аумақтық экономикада инновация көзі рөлін атқаратын белгілі бір аумақтарды қарастырды. Экономикада өндірістің дамуы тең жағдайда жүрмейді, «даму полюсы» болып табылатын алдыңғы қатарлы салалар бөлініп шығады [15]. «Шығын-өндіру» типінің өзара байланыстары жүйесі арқылы өндіріс өсімінің тиімі аймаққа немесе елге түгел тарайды. Өндірісті шоғырландыру алдыңғы қатарлы салалардың өсім ортасына орналасуына мүмкіндік жасайды.

Өсу полюсы болып аймақтың экспортымен байланысты шаруашылықтық аймақтық кешен табылуы мүмкін (Х.Р.Ласуен) [15]. Жалпыұлттық сұраныстың негізгі күші полюстер жүйесінің өсіміне ықпал жасай отырып аймақтың экспорттық секторы арқылы беріледі.

Дж.Фридманмен әзірленген «Орталық-Периферия» теориясы аймақтық деңгейде де, Латын Америкасындағы мемлекетаралық интеграцияның дамуы үшін маңызы зор халықаралық деңгей үшін де қолданылуға жарамды (ЛАФТА). Аймақтардың жіктелуі төрт топты кірістіреді:

орталық – аймақтар – аумағында жоғары инновациялық потенциалға ие өндірістер шоғырланған; «даму дәлізі» – индустрияландыру, инфрақрылымды дамыту және аудандардың бірінші тобымен тығыз байланыс арқасында дамушы аудандар; негізінен ауыл шаруашылығы, өндіруші өнеркәсіп дамитын жаңа игерулер ауданы; экономиканың «ескі» құрылымы қалыптасқан артта қалған аудандар [6].

«Орталық-Периферия» теориясының неғұрлым дамуы жоғары интеграцияланған жаһандық экономиканың жүйесінің жаңа кеңістіктік құрылымын қалыптастыруға жағдай жасаған Еуропадағы әкімшілік және функционалды аймақтардың қарқынды дамуы жағдайында өзектілікке ие болған П.Кругманның еңбектерінде көрініс тапты. ЕО интеграциясын дамыту мен ұлғайтудың мүмкін тиімдерін зерттеу ел шеңберінде аймақтық мамандандыру мен аймақтардың айырмашылықтарын тереңдетуді білдіретін метрополитизация нұсқасы ретінде қарастырады. Мұндай сценарий кезінде Еуроодақ тікелей емес кумулятивтік тиімдердің теріс тиімдерін қайта бөле отырып бұл шығындарды өтеуге тырысады [5]. Интеграцияның жоғары деңгейі еуропалық елдердің нарықтық жағдайына қалай әсер ететіндігін анықтау және оларды АҚШ-тың аймақаралық экономикасымен салыстыру маңызды болды. П.Кругманның зерттеулерінің нәтижелері белгілі бір аумақтар үшін болашағы бар даму бағыттарын тез және тиімді анықтау, сәйкес аймақтық желілер қалыптастыру, ішкіұлттық және халықаралық мамандандыру бағыттарын бөліп көрсету мүмкіндігін береді. «Кеңістіктік экономика: қалалар, аймақтар және халықаралық сауда» атты кітабында П.Кругман белсенділіктің кез келген түрінің шоғырландырылуы кеңістіктік ұйымдастырудың мұндай нысанының дамуға мүмкіндік беретін қолайлы экономикалық жағдайлар туғызады, өз кезегінде шоғырландыруды одан әрі күшейте түседі деп нақтылайды [20].

Нәтижелер

Жоғарыда талданған теорияларды нақты тәжірибемен байланыстырып көрейік. Фон Тюненнің «Оқшауланаған мемлекет» еңбегінде көрініс тапқан мәселелер, нақты өмірде де орын алып отыр, ол тез бұзылатын тауар өндірісін қалаға жақын орналастыру мәселесі. Қазіргі таңда мұндай өндіріс түрлерін қалаға жақын орналастыру өндірілген өнім бағасын реттеуге көмектеседі деп ойлаймыз. Себебі, тауар өндіруші ол тауарды

қала тұрғындарына делдалсыз өзі сататын болса, өндірістен түсетін пайда көлемі де артады.

Келесі А.Вебердің «Өнеркәсіпті орналастыру туралы: штондарттың таза теориясы» бойынша өндірістерді ұйымдастыруда барынша шығынды аз жұмсау жолдарын қарастыру керек. Себебі, А.Вебер атаған шығын түрлері әр аймақта әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан да шығындарды үнемдеу үшін өндірістерді орналастыруда аймақтардың ерекшелігін ескеру қажет. Мысалы, жыл бойына ауа-райы жылы аймақтарда бау-бақша өнімдер өндірісін ұйымдастыру өндірілген өнімнің бағасын төмендетуге және республика бойынша бағаны реттеуге мүмкіндік береді. Себебі бұл аймақтарда жылу шығынына жұмсалатын қаржы көлемі төмен болады, жылы мезгілдерде табиғи жылу, ал салқын мезгілдерде жылы жайларда электр шығындары басқа аймақтарға қарағанда аз жұмсалады.

Неміс ғалымы А.Лёш өзінің еңбегінде өндірісті дұрыс ұйымдастыру үшін келесі мәселелерге мән беру керек екенін атап өтеді, олар:

- әрбір кәсіпорынның орналасу орыны тауар өндірушілер мен тұтынушылар үшін маңызды артықшылық болып табылады;

- кәсіпорын сол аумақтың географиялық артықшылығын барынша пайдаланытындай болуы керек;

- кәсіпорынның орналасу ерекшелігі баға мен шығындарды реттеуге ықпал етуге болады;

- барлық нарықтық аймақтың шектеулі көлемі болады;

- нарықтық аумақтар шикізат ерекшелігін ескере отырып, тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді. Бұл заңдылықтарды нақты тәжірибеде ескерудің өзіндік ерекшелігі бар сондықтан да кәсіпорындарды орналастыруда географиялық ерекшеліктерді тиімді пайдалана білу қажет. Мысалы Батыс Қазақстан облысы Ресей елінің бес экономикалық облысымен шектесіп жатыр, тауар өндірушілер бұл ерекшелікті тиімді пайдалана білуі қажет.

Жалпы шаруашылықты аумақтық ұйымдастыруда оны теңестіріп орналастырудың тұрақтылығы үш тиімділікпен анықталады:

- жергілікті нарық тиімділігі: монополиялық фирмалардың өндірісті үлкен нарықтарға жақын орналастыру және шағын нарықтарға тауарларды экспорттау қарқыны;

- өмір сүру құны тиімділігі: ол өнеркәсіптік фирмалардың көп саны орналасқан аудандарда төмен, не олардың өндірген тауарларының құнында көліктік шығындар аз;

- бәсеке тиімділігі: жетілмеген сипатта бәсекеге түсетін фирмалар бәсекелестер аз аудандарда өндірісін орналастыруға ұмтылады [21].

П.Кругманның еңбегінде бұл үш параметрдің өзара әрекеті экономикада өндірісті орналастыру қарқынын анықтайтыны көрініс тапқан: аймақтар өздерінің экономикалық дамуында бір-біріне жақындай ма немесе керісінше бір-бірінен алшақтай ма және экономиканы «орталық-периферия» ұстамы бойынша дамыту кезек күттірмейді.

Жоғарыда аталған модельдердің тиімділігі түрлі елдердің аймақтық даму тәжірибесінде расталды.

Қорытынды

Жалпы ауыл шаруашылығын аумақтық ұйымдастыру келесідей заңдылықтарға тән:

- аумақтық ұйымдастыру табиғи жағдайларды, қалыптасқан тұрғындарды орналастыру жүйесін, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын есепке ала отырып негізделеді;

- аумақтық ұйымдастыру даму деңгейімен қалыптасқан саланың мамандандырылуымен және шоғырландырылуымен байланысты;

- аумақтық ұйымдастыру саланы дамыту, әлеуметтік-экономикалық және институционалдық ортадағы өзгерістер шарасы бойынша жетілдіріледі;

- аумақтық ұйымдастыру өндіріс пен кеңістіктің барлық элементтерінің өзара байланысы және өзара әрекетінде кешенді орындалады;

- аумақтық ұйымдастыруды жетілдіру мамандандыруды нақтылаумен, өндірісті шоғырландыру мен тиімділігін жоғарылатумен жүреді.

Жоғарыда талданған теорияларды қорытындылай келе нақты тәжірибе жүзінде келесідей аумақтық орналастыруды қарастырамыз.

Өсімдік шаруашылығы өнімдері өндірісін орналастыруды Қазақстан аумағында табиғи ерекшелігіне байланысты жүзеге асыру қажет.

Дәнді дақылдардың негізгі көлемін – Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында; көкөністер мен бақша дақылдарын – Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарында; күнбағысты Шығыс Қазақстан, Павлодар, Алматы, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында орналастыру тиімді. Техникалық дақылдар өндірісін оңтүстік облыстардағы суарылатын жерлерге, мақта шикізаты өндірісін – Оңтүстік Қазақстан облысында, қант қызылшасын Алматы және Жамбыл облыстарында өсіру қажет.

Жем-шөп өндірісін өсірудің маңызды қоры көп жылдық дақылдарға қалдырылған жерлерді пайдалануды жүзеге асыруы қажет және олардың аумақтық бөлінуі барлық облыстар бойынша жүзеге асырылатын болады. Республика аумағының табиғи-климаттық аймақ бойынша мамандануын ескере отырып, мал шаруашылығы саласында да құрылымдық ерекшеліктерді ескеру қажет. Мысалы, Солтүстік өңір сүт және ірі қара, шошқа және құс еті өндірісіне маман-

дандырылатын қызметтер жүзеге асуы қажет, Батыс және Орталық өңірлер қой мен ешкі, жылқы мен түйе еті өндірісіне, тері, жүн, қаракөл өндірісіне, қымыз және шұбат өндірісіне мамандандырылатын шараларды жүзеге асырылуы қажет.

Жалпы әлемдік тәжірибені ескере отырып, кеңістіктік (аумақтық) ұйымдастыру идеясы тұтастай халық шаруашылығына, оның жекелеген салаларына, соның ішінде аграрлық салаға қолдануға болады деп санауға болады.

Әдебиеттер

- 1 Высоцкий В.Н. Методологические проблемы эмпирического анализа поляризованного развития в ТПК / В.Н. Высоцкий, А.Я. Якобсон // Методологические проблемы формирования территориально-производственных комплексов. Новосибирск: ИЭ и ОПП, 1980. – С. 48-65
- 2 Ежегодный доклад Генеральной дирекции по конкуренции, промышленности и услугам (DGCIS – Direction Générale de la Compétitivité, de l'Industrie et des Services) Министерства экономики, финансов и промышленности Франции, № 10, январь 2011 г
- 3 Жученко А.А. Стратегия адаптивной интенсификации сельского хозяйства (концепция) – Пушкино: ОНТИ ПНЦ РАН, 1994. – 148 с.
- 4 Иоффе Г.В., Нefeldова Т. Г. Центр и периферия в сельском хозяйстве Российских регионов // Проблемы прогнозирования. – 2001. – № 6. – С.25-31.
- 5 История экономических учений: (современный этап). / Под ред. А. Г. Худокормова. – М.: Инфра-М. – 1998. – 425 с.
- 6 Кудинов А. Полосы роста. //Информационно-политический портал. //http://www.doc22.ru/information/analysis/462-2009-06-02-02-19-20
- 7 Колмыков А.В. Методологические положения территориальной организации сельскохозяйственных предприятий// Землеустройство, кадастр и мониторинг земель. – №1. – 2014, С. 20-24.
- 8 Крючков В.Г. Использование земель и продовольственные ресурсы. – М.: Мысль, 1987. – 231 с.
- 9 Крючков В.Г. Методологические и методические вопросы экономико-географического изучения территориальной организации хозяйства в сельской местности// Вестн. Моск. Ун-та. Сер. 5. География. 1994. №1. – С. 18-24.
- 10 Крючков В.Г. Территориальная организация сельского хозяйства. М.: Мысль, 1978. – 268 с.
- 11 Лёш А. Пространственная организация хозяйства /Под ред. А.Г. Гранберга. – М.: Наука, 2007. – 664 с.
- 12 Носонов А.М. Территориальные системы сельского хозяйства. М.: Янус-К, 2001. – 324 с.
- 13 Ракитников А.Н. География сельского хозяйства. – М.: Мысль, 1975. – 342 с.
- 14 Тюнен И. Изолированное государство. – М.: Экономическая жизнь, 1926. – 326 с.
- 15 Эргашев Б., Хашимов А., Давыдова З. Полоса роста: какими им быть?. //Экономическое обозрение. Интернет-источник <http://www.review.uz/ru/article/175>.
- 16 Alessandro Attolico. Building resilience through territorial planning: the experience of Province of Potenza *Procedia Economics and Finance* 18 (2014). – P. 528 – 535.
- 17 Conway G.R. The properties of Agroecosystems // *Agricultural Systems*. – 1987– P. 95-117.
- 18 Kostrowicki J. The Typology of World Agriculture, Warsaw, 1974. – 127 p.
- 19 Krugman, P. (2011). The new economic geography, now middle-aged. *Regional Studies*, 45(1), 1–7.
- 20 Krugman P. Increasing Returns, Imperfect Competition and the Positive Theory of International Trade. «Handbook of International Economics» Vol. 3, 1995, Amsterdam, Elsevier Science.
- 21 Krugman P. Increasing Returns and Economic Geography. «Journal of Political Economy» Vol. 99, № 3, 1991, p. 483-499.

References

- 1 Vysockij V.N. Metodologicheskie problemy jempiricheskogo analiza poljarizovannogo razvitija v TPK / V.N. Vysockij, A.Ja. Jakobson // Metodologicheskie problemy formirovaniya territorial'no-proizvodstvennyh kompleksov. Novosibirsk: IJE i OPP, 1980. S. 48-65
- 2 Ezhegodnyj doklad General'noj direkcii po konkurencii, promyshlennosti i uslugam (DGCIS – Direction Générale de la Compétitivité, de l'Industrie et des Services) Ministerstva jekonomiki, finansov i promyshlennosti Francii, № 10, janvar' 2011 g
- 3 Zhuchenko A.A. Strategija adaptivnoj intensifikacii sel'skogo hozjajstva (konceptija) – Pushhino: ONTI PNC RAN, 1994. – 148 s.
- 4 Ioffe G. V., Nefeldova T. G. Centr i periferija v sel'skom hozjajstve Rossijskih regionov // Problemy prognozirovaniya. – 2001. – № 6. – S.25-31.

- 5 Istorija jekonomicheskikh uchenij: (sovremennyj jetap). / Pod red. A. G. Hudokormova. M.: Infra-M. – 1998. – 425 s.
- 6 Kudinov A. Poljusy rosta. //Informacionno-politicheskij portal. //http://www.doc22.ru/information/analysis/462-2009-06-02-02-19-20
- 7 Kolmykov A.V. Metodologicheskie polozhenija territorial'noj organizacii sel'skohozhajstvennyh predpriyatij// Zemleustrojstvo, kadastr i monitoring zemel'. – №1. – 2014, S.20-24.
- 8 Krjuchkov V.G. Ispol'zovanie zemel' i prodovol'stvennye resursy. M.: Mysl', 1987. – 231 s.
- 9 Krjuchkov V.G. Metodologicheskie i metodicheskie voprosy jekonomiko-geograficheskogo izuchenija territorial'noj organizacii hozhajstva v sel'skoj mestnosti// Vestn. Mosk. Un-ta. Ser. 10 Geografija. 1994. №1. – S. 18-24.
- 11 Krjuchkov V.G. Territorial'naja organizacija sel'skogo hozhajstva. M.: Mysl', 1978. – 268 s.
- 12 Ljosh A. Prostranstvennaja organizacija hozhajstva /Pod red. A.G. Granberga. – M.: Nauka, 2007. – 664 s.
- 13 Nosonov A.M. Territorial'nye sistemy sel'skogo hozhajstva. M.: Janus-K, 2001. – 324 s.
- 14 Rakitnikov A.N. Geografija sel'skogo hozhajstva. M.:Mysl', 1975. – 342 s.
- 15 Tjunen I. Izolirovannoe gosudarstvo. – M.: Jekonomicheskaja zhizn', 1926. – 326 s.
- 16 Jergashev B., Hashimov A., Davydova Z. Poljusa rosta: kakimi im byt'?. //Jekonomicheskoe obozrenie. Internet-istochnik <http://www.review.uz/ru/article/175>
- 17 Alessandro Attolico. Building resilience through territorial planning: the experience of Province of Potenza Procedia Economics and Finance 18 (2014) P. 528 – 535
- 18 Conway G.R. The properties of Agroecosystems // Agricultural Systems. – 1987– P. 95-117.
- 19 Kostrowicki J. The Typology of World Agriculture, Warsaw, 1974.-127 p.
- 20 Krugman, P. (2011). The new economic geography, now middle-aged. *Regional Studies*, 45(1), 1–7.
- 21 Krugman P. Increasing Returns, Imperfect Competition and the Positive Theory of International Trade. «Handbook of International Economics» Vol. 3, 1995, Amsterdam, Elsevier Science.
- 22 Krugman P. Increasing Returns and Economic Geography. «Journal of Political Economy» Vol. 99, № 3, 1991, p. 483-499